

**Астана қаласы әкімдігінің «Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейі»
ШЖҚ МКК**

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің 2025-2026 оқу жылы
І тоқсанда жүргізілген жұмысы туралы

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Білім беру процесіне қатысушыларға қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру және барлық қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету арқылы психологиялық сүйемелдеу жүргізу.

Жүргізілген аралық: қыркүйек, қазан 2025ж.

1, 2, 3, 4 бастауыш сынып оқушыларының бейімделу кезеңі бойынша психологиялық диагностика жүргізілді.

Қыркүйек айында 1-сынып оқушыларының ортаға бейімделу деңгейін анықтау үшін келесі «Мектеп суреті» проективтік әдістемесі жүргізілді.

Мақсаты: баланың мектепке деген көзқарасын және мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау.

Қатысқан сыныптар: 1А, 1Ә, 1Б, 1В, 1Г, 1Ғ, 1Д, 1Е, 1И, 13, 1К, 1Ж сынып оқушылары. Жоғары деңгей – баланың мектепке және оқуға деген эмоционалды өркендеуі бар, ол оқу міндеттерін қабылдауға және мұғаліммен өзара әрекеттесуге дайын;

Орташа деңгей – баланың мектепте оқуға деген мазасыздығы оған таныс емес жағдай ретінде байқалады, оның білімі мен мектеп-білім шындығы туралы түсініктерін кеңейту, мұғалім мен сыныптастарына жағымды көзқарас қалыптастыру қажет; мазасыздықтың себептері ересектердің жүйке және бөртпе сөздері, үлкен балалар мектебінде Оқытудың теріс тәжірибесі болуы мүмкін;

Төмен деңгей – баланың мектепке деген айқын қорқынышы бар; көбінесе бұл оқу тапсырмаларын қабылдамауға және оқу іс-әрекетінен бас тартуға, мұғаліммен және сыныптастарымен қарым-қатынаста қиындықтарға әкеледі.

Орташадан жоғары деңгей - 54

Орташа деңгей - 165

Орташадан төмен деңгей – 62

Қорытынды, ұсыныс: Төмен деңгейде анықталған оқушылардың сынып жетекшілерімен психологиялық кеңестер мен ақпараттық ұсыныс жұмыстары жүргізіледі.

Қазан айында «Адамдар бейнеленген ағаш» проективті әлеуметтік – психологиялық әдістемесі жүргізілді. Мақсаты : Оқушылардың бейімделу процесін зерттеу және бейімделу проблемаларын анықтау.

Зерттелушілер : 1А, 1 Ә, 1 Б, 1 В, 1 Г, 1 Ғ, 1 Д бастауыш сынып (қазақ сыныптар)

Әдістеме барысында оқушыларға ағашта орналасқан кішкентай адамдардың суреті ұсынылды. Балалардың таңдау ерекшеліктері олардың өзін-өзі қабылдауын, мектептегі эмоционалды жай-күйін және бейімделу деңгейін айқындауға мүмкіндік береді.

Жалпы қорытынды

- 120 оқушы өзін ортаңғы деңгейден таңдаған → бейімделуі қалыпты.
- 11 оқушы төменгі деңгейден таңдаған → қолдау мен сенімділікке мұқтаж.
- 44 оқушы жоғарғы бөліктен таңдаған → өзін сенімді, табысты сезінеді.

Зерттеу нәтижелері бойынша оқушылардың басым көпшілігі мектепке бейімделу барысында өзін сенімді сезінеді, сынып ортасында өз орнын тапқан. Дегенмен, кейбір балаларда бейімделудің эмоционалды қиындығы, өзін жалғыз немесе төмен бағалау көріністері байқалады. Сыныптың жалпы психологиялық ахуалы – қанағаттанарлық. Дегенмен, төменгі позицияны таңдаған оқушыларға мұғалім мен ата-ананың қолдауы қажет.

Бұл сыныптағы оқушыларға: Ұжымдық жұмысқа жиі тарту; Қарым-қатынасты дамытуға бағытталған ойындар өткізу; Эмоциялық қолдау көрсету; Мұғалімдер мен ата-аналардың назарын баланың таңдауына аудару ұсынылады.

2, 3, 4 бастауыш қазақ сыныптарынан «Ағаштағы орныңыз қайсы?» өзін-өзі бағалаудың проактивтік әдістемесі ASPPM-HP+ жүйесі бойынша жүргізілді.

Сипаттамасы: Әдістеме бейімделу процесінің ерекшеліктерін жылдам анықтауға, баланың мүмкін бар проблемаларын көруге мүмкіндік береді.

Балалар ұсынылған тапсырмаларды орындай отырып, өздерін суреттегі адаммен оңай сәйкестендіреді.

2, 3, 4 бастауыш қазақ сынып оқушыларына арналған «Саған қалай қарайды?» сауалнама ASPPM-HP+ жүйесі бойынша жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты – баланың өміріндегі зорлық-зомбылықтың қай салаларында бар екенін анықтау.

Бастауыш буын социометриясы. 2,3,4 бастауыш қазақ сынып оқушыларынан ASPPM-HP+ жүйесі бойынша жүргізілді. Мақсаты: тұлғааралық және топаралық қатынастарды диагностикалау үшін пайдаланылады.

Социометрияның көмегімен топтық іс-әрекет жағдайында адамдардың әлеуметтік мінез-құлқының типологиясын зерттеуге, белгілі бір топ мүшелерінің әлеуметтік-психологиялық үйлесімділігін бағалауға болады.

Социометриялық өлшеу әдісі мыналар туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді: топтағы әлеуметтік-психологиялық қатынастар; топтағы адамдардың мәртебесі; топтағы психологиялық үйлесімділік пен келісім. Жалпы алғанда, социометрияның міндеті - әлеуметтік топтың бейресми құрылымдық аспектісін және ондағы психологиялық атмосфераны зерттеу.

1, 2 сынып оқушыларына «Кірпі» мультфильмі

<https://youtu.be/CRJJY6sX4Sk?si=mPx8LH8Y48bOM5Z3> арқылы

көрсетілді. Сынып жетекшілер оқушылармен мультфильмді талқылады.

Мақсаты: Қақтығыс жағдайларында конструктивті мінез-құлық дағдыларын дамыту.

3, 4-ші сынып жетекшілерімен «Достар не үшін керек?» мультфильмін

https://youtu.be/TRy8Jq5Q1YU?si=q4qGyAmWzIj_0lOo арқылы көрсетіліп,

талқыланды.

Мақсаты: Сыныпта достық қарым-қатынасты қалыптастыру.

15.09.2025 ж. «Буллингпен күресте отбасының рөлі» тақырыбы бойынша психологиялық ағарту жұмысы өткізілді. Мақсаты: Оқушылар арасында буллинг пен агрессияның түрлерін ерте анықтау және оларға әрекет ету мәселелері бойынша және ата-аналарды қорлау белгілері, дұрыс әрекет ету тәсілдері, көмекке жүгіну мүмкіндіктері және отбасында сенімді атмосфера қалыптастыру жолдары туралы ақпараттандыру.

Қатысушылар: 4 сынып оқушылары.

Форматы: **Тренинг.**

Тренинг барысында оқушылардың бір-бірімен жағымды психологиялық орта қалыптастыруға бағытталған бірқатар жаттығулар өткізілді. Бастапқыда «Шеңберге жиналайық» жаттығуы арқылы балалар бір-бірімен сенімді атмосфера орнатуға мүмкіндік алды. Қорытынды: Тренинг барысында оқушылар белсенділік танытып, ұсынылған тапсырмаларды қызығушылықпен орындады.

Топ ішінде жағымды эмоционалдық орта қалыптасты. Сілтеме:

https://www.instagram.com/p/DOoNW64DBDU/?img_index=3&igsh=MWR0ZmdlaDBtMnJqOA%3D%3D.

26.09.2025 ж. «Мектепке алғашқы қадам» тақырыбы бойынша психологиялық ағарту жұмысы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың мектеп өміріне бейімделуін жеңілдету, балалардың өзін-өзі тануына және басқалармен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту, жаңа ортада жағымды эмоционалдық жағдай қалыптастыру. Қатысушылар: 1 «В» сынып оқушылары. Форматы: Тренинг. Топтық жұмыс шеңберінде «Біздің ортақ суретіміз» тапсырмасы арқылы балалардың ынтымақтастықта әрекет етуі, бір-бірін тыңдау және қолдау көрсету дағдылары дамытылды.

Қыркүйек, қазан айында ата-аналарға, оқушыға, сынып жетекшілерге баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеу және оқу мотивациясын арттыру бойынша психологиялық жеке кеңес берілді.

Ұсыныстар: Сынып жетекшілерге оқушылардың мектепке бейімделу процесін әрі қарай қолдап, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру ұсынылады. Сонымен қатар, әр оқушының жеке ерекшеліктеріне мән беріп, мектеп өміріне белсенді қатысуына жағдай жасалуы қажет.

Педагог-психолог: Адамбекова К.Ш.